



БҰЙРЫҚ

« 23 » 02 2022 ж/г
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 80
город Кызылорда

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына бағынысты кейбір шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесі мүшелерін бекіту туралы

«Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 20.02.2015 жылғы № 113 бұйрығына сәйкес және «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына бағынысты кейбір шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру туралы» Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының 02.09.2021 жылғы № 376 бұйрығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының 2022 жылдың 23 ақпанындағы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына бағынысты кейбір мемлекеттік кәсіпорындағы байқау кеңесінің мүшелігіне сайланатын кандидаттарды іріктеудің № 2 қорытындылау хаттамасы» негізінде осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына бағынысты кейбір шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесінің мүшелері бекітілсін.

2. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Басқарма басшысы



С. Пазиров

006594

Қызылорда облысының денсаулық
сақтау басқармасының
2022 жылғы «23» ақпандағы
№ 80 бұйрығына
1-қосымша

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына бағынысты кейбір
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорындардағы
байқау кеңесінің мүшелері**

1. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шиелі ауданаралық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесінің құрамына:

1) Достанова Мейрамкул Кузденбаевна - Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының экономикалық талдау және бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы;

2) Әмір Нұрлан Әмірұлы - «Шиелі ауданаралық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері;

3) Асабаев Құралбек Бекболатұлы - Түркістан облысы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті департаменті басшысының орынбасары;

4) Шорабаев Яхия Кадирбекович - Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласының зейнеткері;

5) Абдусаметов Жақсылық Әбілқасымұлы - «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері.